

Ленин тұжы

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 94 (7054)

Сейсенбі 15 май 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Және саны 20 тыйын

ҚК(б)П облыстық комитетінде

Облыс МТСтарында трактор паркінің жұмысын жақсарту шаралары туралы

МТС тракторларының көктемгі егісте істеген жұмысы туралы ақпаратты қарай келіп, ҚК(б)П облыстық комитеті тракторларды егіс жұмыстарына пайдалану ісінде елеулі кемшіліктер болып отырғандығын атап көрсетеді. Бұл кемшіліктердің ең бастысы сол—МТС директорлары, бастауып партия ұйымдары мен ҚК(б)П аудандық комитеттері МТС жұмысына қанағаттанғысыз басшылық жасап, өткен жылдағы сыяқты тракторлардың көп уақыт босқа тоқтап тұруына және олардың жұмысты өнімсіз істеуіне жол берді.

Машина-трактор паркінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ең негізгі шарт—тракторлар мен тіркеу саймандарын техникалық жағынан күту жұмысы көптеген МТСтарда ұйымдастырылмай отыр.

Тракторлар мен тіркеу саймандарын техникалық жағынан күту жұмысын жүргізу жөнінде бригадирлер мен тракторшыларға көмек көрсету, оларды машиналардың сынып-бүлінуінен алдын-ала сақтандыру орнына біреуіне МТСтарда механиктер әлде қашан істен шыққан тракторлар мен тіркеу машиналарын жөндеу жұмысымен ғана шұғылданған.

Көпшілігі мастерскойлардың көпшілігі техникалық жағынан күту үшін керекті хажетті аспаптар және қосалы бөлшектермен жабдықталмаған, сөйтіп, көпшілігі мастерскойлар көбінесе трактор бригадаларынан МТСқа және қайтадан бригадаларға қосалқы бөлшектер тасыйтын тасымал құралы ғана болып отыр.

МТС директорлары көпшілігі мастерскойлар мен механиктердің жұмысына бақылау жасамай келеді.

ҚК(б)П аудандық комитеттері, аудан

аттың күні бар әрбір трактормен жұмсақ жерге айналдырғанда 44 гектар ғана жер жыртылды. Ал, облыстың алдыңғы қатарлы МТСтары—Куйбышев, Ворошилов МТСтары тағы басқалары трактормен істелетін жұмыс жөнінде өздеріне тағайындалған жоспарды толық орындады, ал біреуіне орындауға жуық отыр.

ҚК(б)П облыстық комитеті әсіресе Булаев, Вильямс атындағы, Бейнеткор, Торайғыл, Преснов және Байан МТСтарының жұмысты тиісті қанағаттанғысыз істегендігін атап көрсетеді. Бұларда көктемгі егіс кезінде трактормен істелетін жұмыс жөнінде белгіленген жоспар тек 30—40 процент ғана орындалды, ал 15 аттың күні бар әрбір трактормен небары 26 гектардан 38 гектарға дейін ғана жер жыртылды.

Трактор паркінің жұмысын жақсарту мақсатында, ҚК(б)П облыстық комитеті мынадай қаулы алды:

1. ҚК(б)П аудандық комитеттеріне, трактор паркінің жұмысын жақсартуға ерекше назар аудару, бұл міндетті көктемгі егіс жұмыстарын ойдағыдай өткізу және ауыл шаруашылық егістерінен мол өнім алу ісіндегі ең негізгі шарт деп есептеу тапсырылсын. бұл үшін мына жұмыстар істелетін болсын:

а) әрбір 10 күн сайын аудандық партия комитеттерінің бюро мәжілістерінде МТС тракторларының істеген жұмысы жөніндегі ақпарат қаралатын болсын, сөйтіп артта қалған МТСтардың тракторлары мен МТСтардың негізгі өндіріс күші ретінде трактор бригадаларының жұмысын жақсарту жөнінде дереу нақтылы шаралар қолданылатын болсын;

б) трактор паркінің жұмысын жақсарту жөнінде МТСтарға көмек көрсетілсін,

дына негізгі міндет—тракторлар мен тіркеу машиналарын техникалық жағынан күтуде трактор бригадаларына нақтылы көмек көрсету міндеті қойылсын, тракторшылар мен бригадирлердің техникалық күту ережелерін орындауы бақылауға алынсын.

4. МТС директорлары, колхоз председателдері трактор бригадаларын жанар және жағармаймен, сумен үнемі қамтамасыз етіп отыруға, бұл үшін трактор жұмысының бүкіл маусымы бойына арбаконтерді трактор бригадаларына бекітіп бөруге міндеттелсін.

5. ҚК(б)П аудандық комитеттері мен МТС директорлары МТСтардағы мұнай шаруашылығының жұмысын тәртіпке келтіруге ерекше назар аударып, трактор бригадаларын жөндеу асбандарымен, бүтін бөшкемен қамтамасыз етуге, жанар майды сақтау үшін трактор бригадаларында лапастар жасауға және орлар қазуға ерекше назар аударатын болсын. Сол сыяқты жанар майды ұрлау, талан-таражға салу, жоғалту ісіне қарсы күресте барлық шаралар қолданылсын және трактор күшін толық пайдалануға, жанар майдың босқа шығын болмауына, оның ұрлануы мен талан-таражға ұшырауын жою ісіне ерекше назар аударылып, жанар май үнемделіп жұмсалсын. сол сыяқты трактор бригадаларының есеп жұмысында толық тәртіп орнатылсын.

6. ҚК(б)П облыстық комитеті біреуіне МТСтарда МТСтардың колхоздармен жасаған шарты орындалмауына қарамастан, кейбір МТС директорларының шартта алған міндеттемесін орындамай отырғандығын, ал колхоздардың председателдері шартты орындамаушылардың ісіне төзіп, алынған міндеттемені өздерінің де орын-

МТС және совхоз тракторшылары мен механиктері! МТС тар мен совхоздардың трактор және машина паркінің жұмысын жақсартыңдар, жер өңдеу жұмысының сапасын арттырыңдар!

Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыс

Егісте таң сәріден түн қараңғысына дейін өнімді жұмыс істеп, күнделік тапсырманы артығымен орындаңдар!

ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Көктемгі егісте үздік шыққан мына озаттар Облыстық совет аткомі мен ҚК(б)П обкомі бюросының қаулысы бойынша облыстық хұрмет тақтасына жазылады:

Ленин ауданындағы КУЙБЫШЕВ АТЫНДАҒЫ МАШИНА-ТРАКТОР СТАНЦИЯСЫ (директоры Любарь жолдас). МТСта 10 майға дейін көктемгі егісте трактормен істелетін жұмыс жоспары 102 процент орындалды, 15 аттың күші бар әрбір трактормен 106 гектар жер жұмысталды.

Приешім ауданындағы «СЕМЕНОВОД» КОЛХОЗЫ (председателі Перлов жолдас). Колхоз 13 май күні егіс жоспарын 100,5 процент орындады. Қазір жоспардан тыс егіс өгуде.

Ленин ауданындағы Образцовая МТСның № 18 ТРАКТОР БРИГАДАСЫ (бригадирі Власов жолдас). Бұл бригада көктемгі егісте трактормен істелетін жұмыс жоспарын 104,4 процент орындады. 132 килограм жанар май үнемдеді. 15 аттың күші бар әрбір трактормен 132 гектар жер жұмыстады.

Полудень ауданының Кира атындағы колхозындағы ВАСИЛИСА БОНДАРЕВА ЖОЛДАС БАСҚАРҒАН ТРАКТОР БРИГАДАСЫ. Бұл бригада көктемгі егісте трактормен істелетін жұмыс жоспарын қазірдің өзінде 102 процент орындады.

ОБЛЫСЫМЫЗДЫҢ ЕГІС ДАЛАСЫНДА

(Облыстық жер бөлімінің 13 майдағы мәліметі бойынша)

Облыс колхоздары 13 майға дейін 136646 гектар егіс егіп, егіс жоспарын 45,5 процент ғана орындады. Соңғы бір күнді өсім 12 мың гектар орнына, 4338 гектар ғана болды.

Егісте бұрынғыша Октябрь ауданының колхоздары алда келеді. Мұнда 25502 гектар егіс егіліп, жоспар 57,9 процент орындалды. Егіс жоспарын Ленин ауданының колхоздары 55 процент орындады. Мамлют ауданының колхоздары егіс жоспарын 46,3 процент орындап, төртінші орынға түсіп қалды. Ал, Петропавл ауданының колхоздары барлық егіс алаңының 47,5 процентіне тұқым сеуіп, үшінші орынға шықты.

Егісте Конохов, Булаев, Соколов және Преснов аудандарының колхоздары мүлде артта қалды. Конохов ауданында соңғы бір күнде 800 гектар орнына 381 гектар жерге ғана тұқым себілді. Сөйтіп жалпы егіс жоспары 27,4 процент ғана орындалды. Егіс жоспары Булаев ауданында 37,7 Соколов ауданында 39,5, Преснов ауданында 40 және Совет ауданында 41,9 процент ғана орындалды. Соколов ауданында соңғы бір күнде 50 гектар, Булаев ауданында 253 гектар ғана егіс алаңына тұқым себілді.

106927 гектар жер жыртылып, тапсырма 44,8

ЖАРЫСТА ОЗЫП ШЫҚТЫ

Преснов ауданындағы «Айым» ауыл шаруашылық артелінің № 1 бригадасының мүшелері Қазақстанның жылдығы атындағы социалистік жаты кеңінен өрістете отырып, жаралған міндеттемелерін мұлтіксіз орындап жатып отыр. Олар 6 Қызыл Армиямыздың тарихи жеңіс мен жігерленіп, едбек өнімін күн арттыруда, сөйтіп өгіннен мол өнім алып беріп негізін қалауда.

Бригада мүшелерінің басым көп жұмыс тапсырмасын үнемі артық одап, тарихи жеңіске іспен жауап беріп жатып отыр. Рахымов жолдас баск звеноның соқашылары, Әлімжанова, сығұлова жолдастар тарихи жеңістің үнемі бір жарым-екі мөлшер ор жүр. Бұрын жұмыс мөлшерін нашар дайтын Омарова және Есенбаева тар да мөлшерді 130 процент орып жетісті. Тырманы Оразалина жолд темгі егіс кезінде етажановша істеудің тамаша үлгісін көрсетіп, мәнінде колхозды ауылдың таңда болып алды.

Бригадада колхозшылардың түрлі жеті тыңғылдық өтелуде. Мұның тар, үгіт-көпшілік жұмысы перменгізуде. Үгітші Рахима Әлімова үнемі колхозшылар арасында бола колхозшыларды соңғы хабарлармен кезінде таныстырады. Әлімова жолда қосын мәдениетті түрге келтіріп дармен безендірді. Қызыл мүйіп шахмат, дойбы және музыка аспмен жабдықтады.

Міне осының нәтижесінде брига гектар жер жыртып, оны түгелдей тырмалады және 60 гектар егіс а

сөйтіп мұнымен егіннен мол өнім алу ісіне көрне-көзге нұқсан келтіріп отыр.

Аудандық жер бөлімдерінің басшылары мен колхоз председателдері көп реттерде көктемгі егіс кезінде трактор бригадаларына шаруашылық жағынан қамқорлық жасау және тракторшылар үшін мәдени-тұрмыс жағдайын жасау ісімен шұғылданбай отыр. Дала қостары жабдықталмаған, көпшілік тамақтандыру ісі нашар ұйымдастырылған, бригадалар су, жанар май, тұқым тағы басқа заттар тасу үшін тасымал құралдарымен қамтамасыз етілмеген.

КК(б)П облыстық комитеті МТСардың жұмысты қанағаттанғысыз істеуіне негізгі себептердің бірі: тракторшылар арасында еңбек тәртібінің бәсең болуы, трактор бригадаларында тәртіпсіздік пен көрнеулықтың орын тебуі, жұмыс күнінің тыңғылықты ережесінің жоқтығы болып саналады деп есептейді. Осының салдарынан, жекелеген тракторшылар жұмысты нашар істеп, еңбек өнімі мардымсыз болып отыр.

Тракторшылардың, әсіресе тіркеушілер мен бригаданы қамтушы қызметкерлердің арасында тұрақтамаушылық сыяқты кемшілік көптеген бригадаларда әлі күнге дейін жойылмай келеді.

Трактор паркінің жұмысында осындай кемшіліктердің болуы салдарынан, облысты тұтас алғанда быылғы 10 майға дейін көктемгі егісте трактормен істелетін жұмыстардың мемлекеттік жоспары небары 52 процент ғана орындалды, ал 15

тракторлар мен тіркеушілер жұмыстарындау ісін тез аяқтап, оларды егіс жұмыстарына қосуға міндеттелсін.

3. КК(б)П облыстық комитеті КК(б)П аудандық комитеттерінің, еңбекшілер депутаттарының аудандық советтері атқару комитеттері мен МТС директорларының, сол сыяқты МТСардың бастауыш партия ұйымдарының тракторлар мен тіркеу машиналарын техникалық жағынан жөндеу ережесін қатаң сақтау—машина-трактор паркінің жұмысын жақсартудың аса маңызды шарттарының бірі екеніне назарын аударып, оларды мына шараларды жүзеге асыруға міндеттейді:

а) барлық трактор бригадаларында тракторларды күтіп, оларды далада жөндеу үшін дала мастерскойлары ұйымдастырылсын, бұл мастерскойлар облыстық Сельхозснаб арқылы керекті әбзелдермен жабдықталсын;

б) тракторшылардың смена ауысар кезінде тракторларды ауыстырып-қабылдауына қатысып, трактор мен тіркеу машиналарының техникалық жағынан күтімінің дұрыс жүргізілуін қадағалап отыру трактор бригадаларының бригадирлері мен олардың көмекшілерінің міндеті болып саналсын. Трактор бригадалары бригадирлерінің және олардың көмекшілерінің өздерінің тексеруінсіз немесе тиісті техникалық күтім жүргізілмейінше трактор агрегаттарын жұмысқа қосуына тыйым салынсын.

в) көпшілігі мастерскойлар мен механиктердің жұмысы бақыланып, олардың ал-

тын жұмыстардың барлық түрі бойынша бақыланып, шартта көрсетілгендей жұмыстың сапасына ерекше назар аударылсын;

б) МТС директорлары колхоздардың председателдерімен бірлесе отырып, жұмыстың барлық түрінен шарттың орындалуын айына кемінде бір рет тексеріп, оның нәтижесі МТС директорларының немесе МТС-тың өкілдік беруі бойынша оның жауапты қызметкерлерінің сол сыяқты осы колхозда жұмыс істейтін трактор бригадасы бригадирінің қатысуымен колхоз басқармасының мәжілісінде талқыланып;

в) КК(б)П аудандық комитеттерінің бюро мәжілісінде МТС пен колхоздар арасындағы шарттың орындалуының барысын алдын-ала тексеру айына бір рет талқыланып;

г) КК(б)П аудандық комитеттері мен МТС директорлары көктемгі егіс жұмыстары аяқталғаннан кейін барлық тракторларды жер жырту ісіне қосуға міндеттелсін.

8. МТСардағы озат тракторшылардың тәжірибесін көпшіліктің игілігіне айналдыру мақсатында, облыстық «Ленинское знамя» және «Ленин туы» газеттерінің редакциялары алдыңғы қатарлы тракторшылардың жұмыс тәжірибесін газет бетінде кеңінен жазып, олардың трактормен жұмыс істеуде жоғарғы еңбек өніміне жетіскеп жұмыс әдісін жазу ісіне ерекше назар аударуға міндеттелсін.

ту жөніндегі күнделік тапсырма орындалмады. Сөйтіп, соңғы күні осы тапсырма ғана болды.

Міндеттеме мұлтіксіз орындалды

ЯВЛЕНКА. (Арнаулы тілшімізден). Куй бышев атындағы машина-трактор станциясының коллективі Қазақстанның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарысқа қосылғанда, көктемгі егісте трактормен істелетін жұмыс жоспарын 15 процент артық орындауға міндеттенген еді.

МТС тракторшылары алған міндеттеме-лерді аброймен орындап шығу үшін көктемгі егіс жұмыстарына ұйымдасқан түрде кірісті. Олар өзара социалистік жарысты өрістете отырып, еңбек өнімін күн санап арттыруда болды. Сөйтіп, көктемде трактормен істелетін жұмыс жоспарын 10 майда 102 процент орындап, үздік табысқа жетті.

Социалистік жарыста әсіресе Чкалов атындағы колхозда жұмыс істеген Лескевич жолдастың трактор бригадасы үздік табыстарға жетті. Бұл бригаданың 15 атының күші бар әрбір трактормен жұмысқа жерге айналдырғанда 134 гектар жер жұмысталды. Сонымен, бригада бойынша көктемде трактормен істелетін жұмыс жоспары 127 процент орындалды.

Көктемгі егіс жұмыстарын ойдағыдай өткізуде үздік шыққаны үшін, Лескевич жолдастың трактор бригадасына Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туы тапсырылды.

Е. МАЛАЕВ.

СОВЕТТЕР ОДАҒЫНДА

Советтер Одағы кәсіпшілік одағының өкілдері Хельсинкиден Москваға келді

Финляндия кәсіпшілік одақтарының орталық бірлестігінің шақыруы бойынша, Финляндияға барған совет кәсіпшілік одақтарының өкілдері Хельсинкиден Москваға келді. Өкілдерді кәсіпшілік одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советі Президиумының мүшесі Степанов жолдас басқарып келді.

Совет кәсіпшілік одақтарының өкілдері үш апта бойына Финляндияда болып, елдің әртүрлі қоғам және мәдениет ұйымдарының жұмысымен танысып, Хельсин-

кидің, Тампереннің, Туркудың және басқа қалалардың кәсіп орындарында болды. Фин кәсіпшілік одақтарының өкілдерімен болған көптеген кездесулер мен жыйындарда Финляндия қызметкерлері мен кәсіпшілік одақтарының қайраткерлері өздерінің сөздерінде ССРО мен Финляндияның кәсіпшілік одақтары арасында тығыз достық қарым-қатынасты қалпына келтірудің хажет екендігін атап көрсетті. (ТАСС).

Әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлерінің бүкіл Ресейлік мәслихаты

Москвада әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлерінің бүкіл Ресейлік мәслихаты ашылды. Мәслихатқа Ресей Құрамы Республикасының елдерінен, облыстары мен автономиялы республикаларынан 200ден аса өкіл қатысты.

РСФСР әлеуметтік қамсыздандыру Халық Комиссары А. Н. Сухов жолдас өзінің баяндамасында жеңіл жұмыстарға ғана жарайды деп танылып, үшінші дәрежелі мүгедектер қатарына қосылған, Отан соғысының барлық мүгедектері және екінші дәрежелі мүгедектердің төң-

жартысынан артығы халық шаруашылығында жұмыс істеп жүр. Ауыл шаруашылығында жүрген мүгедектер де ойдағыдай жұмыстар істеуде —деді.

Өткен жылы Отан соғысының көптеген мүгедектері түрлі мамандықтар мен кәсіптерді үйренді. Мүгедектерді мамандыққа үйрету және оларды қайта дайындау жұмыстарына келешекте бұрынғыдан да зор назар аударылмақ.

Мәслихат бірнеше күнге созылады.

(ТАСС).

—ұлы отан соғысы жеңісінен алды. Бірақ біз алдағы уақытта да көтер істеуге тиіспіз. Біз жеңісімізді етуіміз керек,—деді Преснов ауданының Киров атындағы ауыл шаруашылығын артөлінің мүшелері, гитлершіл Германияның сөзсіз тізе бүгуі жөніндегі хабар естігеннен кейін.

Қазір колхозшылар республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарыс туып, жоғары ұстай отырып, көгі егісті дер кезінде ойдағыдай өткізуге бар күшін жұмсауда. Мұнда қазір 134 гектар егіс алаңына тұқым себілді, одан 250 гектар тың жер жыртылды.

Колхозда жеңісімізге сай жұмыс жүрген жандардың саны күн санап өсеуде. Колхозшылар Сарбасова, Сабаева, Резникова, Қозыбаева және шенко жолдастар стахановша жұмыс істеді деген үлгілерін көрсетіп келеді.

А. БАЛТАШЕ

Біріккен Ұлттардың Сан-Францискодағы конференциясында

Комитеттердің жұмысы

САН-ФРАНЦИСКО, 12 май. (ТАСС-тың арнаулы тілшісінен). Конференцияның түрлі комитеттері жұмыс істеп жатыр.

№ 3 комиссияның жанындағы № 1 комитеттің мәслихатында бүгін таңертең Думбартон жобасының «а» бөліміндегі 6-тараудың: «хауіпсіздік Кеңесі 11 мемлекет ұйымдары мүшелерінің өкілдерінен құралады» деген сөздер жазылған бірінші ұсынысты мақұлдау ұйғарылды. Сонымен, Чили, Мексика, Түркия және басқа елдер өкілдерінің хауіпсіздік Кеңесіне мүшелер сапын көбейтуге жетісу үшін жасаған әрекетін комитет іске асырмай тастады. 11 майда Американың жауапты өкілі бұл әрекеттерге мүлде қарсы шығып сөз сөйлеп, алдын-ала тез және тиімді шара қолдану қолынан келетін Кеңес

құрудың хажет екендігін атап көрсетті. Бүгін таңертең № 4 комиссия жанындағы № 2 «заң міндеттері» комитетінің председателі Египеттің сыртқы істер министрі Әбіл Хамит Ел Балаби баспа сөз өкілдерімен әңгімелескенде, Ұлттар Лигасында тіркелмеген шарттарды, оның ішінде қолда бар шарттарды тіркеу туралы мәселені талқылағандығын мәлімдеді. Комитетте мұнымен қатар, халықаралық жаңа ұйыммен келісілмеген бұрынғы шартпен қандайда болсын ел өзін байлауы тиіс деп есептеуге тиіс не деген мәселе талқыланды. Комитет Бельгия, Колумбия, Франция, Иран, Жаңа Зеландия, Норвегия, Филиппин, Біріккен Корольдік, Құрама Штаттары, ССРО және Венецуэлла делегаттарынан құралған, Балаби басқар-

ған қосымша комитет тағайындады. Комитет елшілік және халықаралық жаңа ұйымның мәселесі мен шарттарды бекіту мәселесін бұл қосымша комиссияның қарауына тапсырды.

Бас ассамблеяның ережесі мен қызметі туралы мәселені қараушы № 2 комиссия жанындағы № 1 комитеттің председателі Түркия сыртқы істер министрі Хасан Сака бөлімнің бас ассамблея хауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелері мен әлеуметтік және экономикалық Кеңестердің мүшелерін бас ассамблеяның сайлауға тиіс екендігін мәлімдеді. Бұдан әрі Хасан Сака бас секретарьді сайлау жөнінде мәселе талқыланып, қарар бойынша бұл мәселенің келесі мәжіліске қалдырылғандығын мәлімдеді.

Өзбекстанда аса ірі тоқыма фабрикасы жұмыс іст бастады

Өзбекстанда аса ірі тоқыма фабрикасы жұмыс істей бастады. Алғашқы рет қы және ішкі киімдер және басқа да бұйымдар өндірілді.

(ТА)

Минскінің орталығын қалпы келтіру жөніндегі жобалары конкурсы

Минскінің орталығын жоспарлау және оны салу жобаларының конкурсы талды. Конкурске белорус архитекторынан басқа, Москва мен Ленинград архитекторлары да қатысты.

(ТАС)

Пионерлердің Рига жағалауы лагері

Күн саулеті, теңіз бен құм таста жағалауын жазғы тынығудың жақсы орны етуде. Латвияның кәсіп одақтары 6 жерден пионерлер лагері мен балалар санаторияларын ашты. Тынығу маусымы кезінде (майдың аяғына дейін) балалар мен жасөспірімдердің тынығуына қолдау беріледі. (ТА)

Совет Хабаршы бюросынан

12 МАЙДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

2 майда ЛЕНИНГРАД майданының әскерлері немістердің КУРЛЯНСКИ түбегіне әскер тобының тізе бүккен құрамалары мен бөлімдерін қабылдауда болды. 9нан 12не дейін немістердің 140408 солдаттары мен унтер-офицері, 5083 пі және 28 генералы қолға берілді. Қолға берілген генералдардың ішінде бұрын жарияланғандағыдан басқа, неміс армиясының КУРЛЯНСКИ түбегінде әскер тобының штаб бастығы генерал-лейтенант ФЕРГ, 38-армия корпусының ирпі артиллерия генералы ГЕРЦОГ, 1-армия корпусының командирі генерал-ант УЗИНГЕР, 10-армия корпусының командирі артиллерия генералы ТО-ИИ, 205-жау әскер дивизиясының командирі генерал-майор ГИЗЕ, 132-жау дивизиясының командирі генерал-майор ДЕММЕ, 225-жау әскер дивизиясы командирі генерал-майор РИССЕ, 300-жау әскер дивизиясының командирі ал-майор ЗБЕРТ, 81-жау әскер дивизиясының командирі генерал-лейтенант ЕВЕНИ, 16-армия корпусының командирі генерал-лейтенант ВЕБЕР, 207-дивизиясының командирі генерал-майор БАУЗЕР, КУРЛЯНСКИ бекіністі аудаң команданты генерал-лейтенант БАНД, ЛИБАВА қаласының команданты генерал-майор МЮЛЛЕР, КУРЛЯНСКИ түбегіндегі армиялар тобы тылының бастығы ал-майор РАУЗЕР, КУРЛЯНСКИ түбегіндегі армиялардың мал дәрігерлік қыз-ің бастығы генерал-лейтенант КЕЛЕР бар. Осы уақыттың ішінде жаудан мы-олжа: 75 самолет, 307 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 1427 дала зеңбі-557 миномет, 3879 пулемет, 52887 винтовка мен автомат, 219 бронетрансп-р, 310 радио станциясы, 4281 автомашина, 240 танк, трактор мен тягач, жүгін тиеген 3442 ат-арба, 14056 ат қабылданып, санап алынды.

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері ВИСЛА өзенінің құйылысы ауданында, ИГТИН шығыс жағында ПУТЦИГЕР-НЕРУНГ мойнағында ГДЫННЫН солтүс-ығыс жағында және БОРНХОЛЬМ аралында немістердің тізе бүккен әскерле-қабылдауды аяқтады. Майдың 9нан 12не дейін немістердің 59106 солдаттары унтер-офицері, 1728 офицері және 12 генералы қолға берілді. Қолға берілген алдардың ішінде бұдан бұрын жарияланғандағыдан басқа, немістердің 2-ар-ының штаб бастығы генерал-майор МАХЕР, 2-армияның армия курстарының лғы генерал-лейтенант НОАК, 20-армия корпусының командирі инфантерия налы ШПЕК, 203-жау әскер дивизиясы командирінің орынбасары генерал-ма ГРОТЕНА бар.

Чехословакия мен Австрияда 1,4,2-және 3-УКРАИН майдандарының әскерлері ған аудандарды генерал-фельдмаршал ШЕРНЕР мен генерал-полковник ВЕ-ІІН әскер топтарының бөлшектелген неміс отрядтарынан тазартуда болды.

1-УКРАИН майданының әскерлері майдың 9нан 12не дейін немістердің тоз-ап қолға берілген 168000 солдаттары мен офицерін және 7 генералын қолға тү- . Жаудан қолға түсірілген адамдардың ішінде бұрын жарияланғандағыдан бас 4-танк армиясының инженерлік әскерлерінің бастығы генерал-лейтенант БАР , дәрігерлік қызметінің генералы ЯНЦОН, Чехия мен Моравия протектораты ындағы ерекше тапсырмаларды орындайтын генерал-лейтенант ХИТЦЕГЕР бар.

4-УКРАИН майданының әскерлері майдың 9нан 12не дейін немістердің тоз-ап қолға берілген 56280 солдаттары мен офицерін қолға түсірді.

2-УКРАИН майданының әскерлері майдың 9нан 12не дейін немістердің тоз-ап қолға берілген 135000 солдаттары мен офицерін және 8 генералын қолға тү- . Қолға түсірілген генералдардың ішінде немістердің 49-атқыштар корпусының ирдірі генерал-лейтенант ЛЕЗБЕ, 72-армия корпусының командирі генерал-лейт ШМИДТ, 6-танк дивизиясының командирі генерал-лейтенант ВАЛЬДЕН-БС, 76-жау әскер дивизиясының командирі генерал-майор РЕРНЕР, 320-жау әскер дивизиясының командирі генерал-майор ГИЛИАН, 4-соғыс округінің штаб ығы генерал-майор ГЕРЛАХ, аэродромды жабдықтау қызметінің командирі ге-рал-майор НИХУС бар. Осы уақыттың ішінде майдан әскерлері жаудан мына-олжа: 50 самолет, 291 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 658 дала зеңбіре-269 бронетранспортер, 2100 автомашина қолға түсірді.

3-УКРАИН майданының әскерлері майдың 9нан 12не дейін немістердің тоз-ап қолға берілген 14766 солдаттары мен офицерін және 5 генералын қолға тү-і.

Сонымен, 11 майда 3-БЕЛОРУС майданының әскерлеріне қолға берілуді аяқ-ы немістердің солдаттары мен офицерлері тобын қоса есептеп, майдың 9-

армиялар тобының байламы әскерлерінің бастығы генерал-майор НЕГЕНДАНГ, 16-армияның штаб бастығы генерал-майор ГЕРСДОРФ, 18-армияның штаб басты-ғы генерал-майор МЕРК, 16-армияның артиллерия бастығы генерал-майор БАДЕР МАЙСТЕР, 18-армияның артиллерия штабының бастығы генерал-лейтенант ФИ-ШЕР, КУРЛЯНСКИ түбегіндегі бекіністі ауданның команданты генерал-лейтенант ВАН-ГИНКЕЛЬ, ЛИБАВА қаласының жағалау қорғау бастығы адмирал ЗНЕВАЛЬД 1-ауы флотының командирі генерал-лейтенант КЛЮГБАЙ, жағалауды қорғау комен-данты генерал-майор ВЕРТЕР, КАПИЛЕ қаласының бекіністі ауданының комендан-ты РУПРЕХТЫ, 1-ауы флотының байламы бастығы генерал-лейтенант ЗАТТЛЕР, 18-армияның бас мал дәрігері мал дәрігерлік қызметінің генералы БЕКНЕ, гене-рал-майор ПАВЕЛЬ бар. Осы уақыттың ішінде жаудан мынадай олжа: 136 самолет, 325 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 1548 дала зеңбірегі, 557 миномет, 4363 пулемет, 57646 винтовка мен автомат, 5825 автомашина, 240 трактор және тя-гач, 224 бронетранспортер, 310 радио станциясы, соғыс жүгін тиеген 3442 ат-ар-ба, 16543 ат қабылданып, санап алынды.

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері ВИСЛА өзенінің құйылысы ауданында ДАН-ЦИГТИН шығыс жағында, ПУТЦИГЕР-НЕРУНГ мойнағында ГДЫННЫН солтүс-тік-шығыс жағында және БОРНХОЛЬМ аралында тізе бүккен неміс әскерлерін қа-былдауды аяқтады. Майдың 9нан 13не дейін немістердің 74938 солдаттары мен офи-цері және 12 генералы қолға берілді. Осы уақыттың ішінде жаудан мынадай ол-жа: 10 танк пен өздігінен жүретін зеңбі-р, 468 дала зеңбірегі, 46 миномет, 3400 пулемет, 28 мың винтовка мен автомат, 13 бронетранспортер, 2000 автомашина, 210 радио станциясы, 1500 ат, 23 катер мен баржа қабылданып, санап алынды.

Чехословакия мен Австрияда 1, 4, 2-және 3-УКРАИН майдандарының әскер-лері алынған аудандарды генерал-фельдмаршал ШЕРНЕРДІН және генерал-полков-ник БЕЛЕРДІН әскер топтарының бөлшектелген неміс отрядтарынан тазартуда бол-ды.

1-УКРАИН майданының әскерлері анықталған мәліметтер бойынша, майдың 9нан 12не дейін немістердің тозғындап қолға берілген 213355 солдаттары мен офи-церін және 14 генералын қолға түсірді. Қолға түсірілген генералдардың ішінде бұ-дан бұрын жарияланғандағыдан басқа, 40-танк корпусының командирі танк әскер-лерінің генералы ХЕНФИЦИ, үйрену корпусының командирі артиллерия генералы МО-ЗЕР, 59-армия корпусының командирі генерал-лейтенант ЗИЛЕР, 17-армия тылы-ның коменданты генерал-лейтенант ГЕШЕН, резервтегі 193-дивизияның командирі генерал-майор ЭРГАРТ фон ГЕЙЗО, 304-жау әскер дивизиясының командирі ге-нерал-майор АРНИНГ, 371-жау әскер дивизиясының командирі генерал-майор ШЕР-НСБЕРГ бар. Осы уақыттың ішінде майдан әскерлері жаудан мынадай олжа: 780 самолет, 649 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 1100 дала зеңбірегі, 1400 миномет, 6700 пулемет, 480 бронетранспортер, 120 мың винтовка мен автомат, 30 мыңнан аса автомашина, 954 трактор мен тягач-қолға түсірді.

4-УКРАИН майданының әскерлері майдың 9нан 13не дейін немістердің тоз-ғындап қолға берілген 71738 солдаттары мен офицерін қолға түсіріп, жаудан мына-дай олжа: 127 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 900 дала зеңбірегі, 510 ми-номет, 1700 пулемет, 15300 винтовка мен автомат, 1480 автомашина, 100 радио-станциясын, 2000 ат, соғыс мүлкін тиеген 5000 ат-арба қолға түсірді.

2-УКРАИН майданының әскерлері майдың 9нан 13не дейін немістердің тозғын-дап қолға берілген 369459 солдаттары мен офицерін және 16 генералын қолға түсір-ді. Қолға түсірілген генералдардың ішінде бұдан бұрын жарияланғандағыдан басқа, 9—СС «ку бач»-танк дивизиясының командирі генерал-майор БЕМЕР, 540-жау әскер дивизиясының командирі генерал-майор ГОТМАНБЕК, 602-жау әскер дивизиясының командирі генерал-лейтенант ШАРТОВ, 603-жау әскер дивизиясының командирі генерал-лейтенант МОЛЛЕР, полиция дивизиясының ко-мандирі полиция генерал-майоры БААЛЬ, БРНО қаласының коменданты генерал-лейтенант ЛИДЕРМАНН, құрлыс учаскесінің штаб бастығы генерал-майор АНГЕЛЬ-ШТУК, 21-танк корпусының артиллерия қолбасшысы генерал-майор КАМЧЕННЕЛН, құрлыс учаскесінің штаб бастығы генерал-майор ГОТШИЛД бар. Осы уақыттың ішінде майдан әскерлері жаудан мынадай олжа: 58 самолет, 596 танк пен өзді-гінен жүретін зеңбірек, 1348 дала зеңбірегі, 1115 пулемет, 40570 винтовка мен автомат, 422 бронетранспортер, 16154 автомашина соғыс жүгін тиеген 4615 ат-арба, 12000 ат қолға түсірді.

Почта-қатынас жұмыстары жолға қойылсын

(Тілші хаттарына шолу)

Почта-қатынас орындары халықтың ас-қан зор талаптарына сай жұмыс істеуге тиісті. Почта-қатынас орындарының жұмы-сы еңбекшілердің тілегіне, саяси бетсең-ділігіне сай болуы шарт. Почта-қатынас жұмысы әсіресе қазіргі уақытта, көктемгі өсіс жұмыстары кезінде мейлінше жолға қойылуы керек.

Алайда кейбір жергілікті почта бөлім-дері, колхоз басшылары және почта-қат-нас жұмысындағы қызметкерлер бұл жұ-мысқа жеткілікті маңыз бермей, оған жа-уапсыз қарап отыр. Оған тілшілерден ре-дакцияға түскен хаттар мен еңбекшілер-дің шағымдары дәлел бола алады.

Тілші Рахметов жолдас былай деп жа-зады: «Октябрь ауданының Ленин атын дағы колхозының почта бөлімшесінің бас-тығы Сахатов және колхоздың хат тасу-шысы Қалиева жолдасар өз жұмыстары-на жауапсыз қарап отыр. Міне сондық-тан да колхозшылар мен мектеп оқушы-лары хат-хабарлар мен газеттерді уақты-лы ала алмайды. Кей реттерде хат тасу-шы Қалиева жолдас келген газеттерді не-деріне табыс етпей, кім көрінгенге тап-сырады. Бұл почта бөлімінің жұмысты пашар істегендігі және еңбекшілердің большевиктік баспасөзбен үзбей пайдала-нып отыруын елемеушілік».

Ленин ауданындағы «Бұлақ» колхозы-ның хат тасушысы Дубәкіров жолдас га-зет-журналдар мен хат-хабарларды неле-ріне тапсыру орнына, оларды мүлде жо-ғалтып жіберген. Ал «хат немесе газет келді ме» деп сұраған адамға, Дубәкіров жолдас «Иә» деп жүре жауап береді. Бірақ, бұдан бір неше күн өткеннен ке-йін хат-хабарлардың Дубәкіровтың үйінде шашылып жатқанын көруге болады. Ең-дігі жерде Дубәкіров жолдас бұл кем-шіліктен арылып хат хабарларды неле-ріне уақтылы таратып беретін болсын» деп жазады тілші.

Преснов ауданындағы «Тау ағаш» кол-хозының хат тасушысы Сағитов жолдас өзіне жүктелген жұмысқа мүлде жауап-сыз қарап, «Тау ағаш» колхозының мү-шелері мен майданшылардың үй-іштеріне келген хат-хабарлар мен мемлекет көме-гін уақытында табыс етпейді. Мұнда өт-кен айда «Социалистік Қазақстан» және «Ленин туы» газеттерінің тек кейбір саң-лары ғана газет алдырушыларға табыс етілді. Ал басқа саңдары үшті-гүйді жоқ болып кетті. Осы сыяқты, майдан-шының әкесі Мұқия Рахмет жолдасын мемлекеттен алып отыратын ақшадай кө-мегі 2 ай бойы табыс етілмеді. Ту

ТЫНЫҚ МҰХИТТАҒЫ СОҒЫС

ЛОНДОН, 12 май. (ТАСС). Рейтер агент-тігінің хабары бойынша, одақтастардың Тынық мұхиттың оңтүстік-батыс бөлегі-дегі қарулы күштерінің бірлескен коман-дованисі штабының хабарында былай де-йген: американдық әскерлерінің ірі күштері Минданао аралына келіп түсіп, 4 кило-метр алға басты. Таракап аралында (Бор-нео маңында) американдық әскерлері аралдың оңтүстік бөлегінде едәуір алға басты. Жа-пон бөлімдері қатты қарсыдық көрсетуде.

ЛОНДОН, 12 май. (ТАСС). Рейтер агент-тігі, Цирмада жапон әскерлерінің Иррава-ли секторында Промның оңтүстік жағын-да шабуыл жасаушы американдық әскерле-ріне қатты қарсылық көрсетіп отырғанды-ғы туралы одақтастардың Оңтүстік-шы-ғыс Азиядағы әскерлері штабының хаба-рын берді. Жапон әскерлері Рангун-Ман-далай жолының шығыс жағына қарай кері шегініп бара жатыр.

Югославия әскерлері Загреб пен Людлянуді азат етті

БЕЛГРАД, 8 май. (ТАСС). Белград ра-диосы Югославия армиясы бөлімдерінің Хорватияның басты қаласы—Загреб пен Словенияның басты қаласы—Людлянуді азат еткендігі туралы Югославия армиясы бас штабының хабарын берді.

Квислингтің және оның сыбайластарының тұтқынға алынуы

ЛОНДОН, 10 май. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Квислинг өз «үкметінің» бірсыпыра мүшелерімен Ос-лодағы полиция учаскесіне келген. Бұл адамдардың барлығы, оның ішінде бұрын-ғы нәсихат министрі Фуглресанг дереу тұтқынға алынған.

Қолда бар хабарларға қарағанда, Ос-лода тұтқынға алынған 400 адамның ішінде Квислингтің жоғарғы соттың мү-шелері бар көрінеді.

Тербовеннің өзін-өзі өлтіруі

ЛОНДОН, 10 май. (ТАСС). Рейтер агент-тігінің Норвегия телеграф агенттігінің Ослодан алған хабарына сүйеніп берген хабары бойынша, Гитлердің Норвегияда-ғы үкмет комиссары Йозеф Тербовен же-не Норвегиядағы гестапо бастығы гене-рал Вильгельм Редис өзін-өзі өлтірген.

Гиммлердің тұтқынға алынуы туралы Америка радиосы тілшісінің хабары

курляндский түбегіндегі әскер тобының ирлік әскерлерінің бастығы генерал-лейтенант МЕДЕМ, КУРЛЯНДСКИЙ түбегіндегі

церлері тобын қоса есептегенде немістердің барлығы бір миллион 60 мыңнан аса солдаттары мен офицері және 91 генералы қолға берілді.

ӘРБІР СОВЕТ АЗАМАТЫНЫҢ АРДАҚТЫ БОРЫШЫ

айдашылардың үй-іштері мен отандық мүгедектеріне жәрдем жасауда жұмыста өткізілген айлық кезінде еңбекшілері зор белсенділік көрсетілікті жұмыстар істеді. Ауып-сүйсіңген үй-іштеріне жәрдем беру айлығының алғашқы күндерінің е жауып-сүйсіңген 100 үйіне жәрдем

жасады. Мұнымен татар, майданшылардың үй-іштері мен отандық мүгедектеріне жәрдем жасау қорына арнап, облыс еңбекшілері 10 центнер картоп, 826 пар аяқ киім, 644 киім-кешек, 46855 сом қаржы, тағы басқа көптеген бұйым және қаражат жыйнады.

Майданшылардың үй-іштеріне жәрдем

ерсету жөнінде өнер кәсіп ауданының қабдықтау бөлімі айлық кезінде ойын сауық кешін өткізді. Бұдан түскен қаржы майданшылардың үй-іштері мен отандық мүгедектеріне жәрдемге берілді. Айлық кезінде жауып-сүйсіңген үй-іштеріне көмек көрсету жөнінде Петропавл қаласының орталық ауданында көрнекті жұмыстар істеді. Мұнда жауып-сүйсіңген

үй-іштеріне 12,900 килограмм май, 610 аяқ киім және 20232 сом қаржы жыйналды.

Майдандағы жауып-сүйсіңген үй-іштері мен отандық мүгедектеріне күн-бөксен қамқорлық жасап отыру—әрбір совет азаматының ардақты борышы.

3. АЙСИНА.

Халықаралық шолу

945 жылғы 9 май күні адамзат селі ең жарқын тарихи күн болды. Бұл күні Сталин жолдас халықаралық үндеу жариялап, былай деді: «Манияны жеңуімдегі ұлы күні туды. Ал Армия мен Одақтастарымыздың бірі тізе бүккізген фашистік Германияның жеңілгендігін мойындап, сөзсіз бүткендігін жариялады».

Майға қараған түнде Европа майданының түрлі учаскелерінде соғыс қызық тоқтады. Неміс әскерлері бар жерде қару тастауда. Бұдан 68 айып-сүйсіңген бастаған сұранып с герман армияларының толық талалуымен, Біріккен Ұлттардың толық біржолата жеңуімен аяқталды.

Бұл Сталиннің сөзімен Европада соғыс аяқталғандығын және бейбіт өмір кезеңінің басталғандығын естірткендік еліміз бен бүкіл дүние жүзінің қатары әділетті істің бұл салтанатын қай қуанышпен қарсы алды.

Париж бен Лондонда, Варшава мен Берлинде. Белград пен қызырдағы ралында—барлық жерде халық қолына жалаулар және тулар алып, көр мен алаңдарға шығып, қол жеткеніне байланысты, тексіз қуанышпен білдірді. Халық салтанатында жаңа елдер басшыларының құттықаттарында, жауға қарсы күрестіңгі ауыртпалығын көтерген, азат етуіне—Ал Армияға деген сәлем бері естілді. Жеңімпаз Қызыл Армия-көмектер қолбасшысы, совет халық-көсемі Сталин жолдасының есімі бар тілдерде аталды.

Ұлы жау қанша қуатты болғанымен, әрбір ниетті күшін талқандау босық сүйсіңген халықтың және нағыз ба халықтың қолынан келетіндігін Сіз н ыспаттадыңыз»,—деп жазды АҚШ

Президенті Трумэн. «Басқыншыларды өз еліңізден қуып шығарып және нацистердің озбырлығын жойып, тамаша жеңіске жетуіңізбен байланысты, Сізге шын жүректен сәлем жолдаймын» деп мәлімдеді Англияның бас Министрі Черчилль өзінің Сталин жолдасына жазған хатында.

Герман империализмінің қандыбалық тобырларын жеңіп шығу күнін бүкіл дүние жүзі мерекелеп отыр.

Герман империализмі армиясының ұрыс даласында жеңілуі тек бұл жолы ғана емес. Германия басшыларының қару тастап тізе бүгу туралы актіге қол қоюы да бір ғана рет болған оқиға емес. Бұдан небары 27 жыл бұрын Германия одақтастар алдында тізе бүккен болатын. Гитлеризм идеологиясы неміс әскерлерінің 1918 жылғы тізе бүгуін соғыста жеңілуіңіздің нәтижесі емес, «ұлтқа қарсы» күштердің опасыздықпен «тылдан соққы» беруінің салдары деп түсіндірмекші болып, тарихты алдау үшін көп әрекет жасады.

Бұл жолы мұндай әрекет қолдануға олардың мүмкіндігі болмады. Гитлершіл Германияның жеңілу фактысы 8 майда Берлинде қол жойылған документте ғана жазылып қойған жоқ. Ол СССР-нің және оның одақтастарының жеңімпаз армиялары жеңіспен өткен Германия қалаларының көшелерінде болған жойқын ұрыстар да көксауыттың күшімен және қанмен ыспатталды. Гитлершіл Германияның өзі бастаған соғыстың нәтижесінде жеңіліске ұшырағанындай қула-талқан болуды, соғыста оңбай жеңіліске ұшырағандықты тарих ешқашанда білген емес. Советтер Одағына, АҚШ пен Ұлы Британияға бірлескен бостандық сүйсіңген халықтар одағының қазір қол жеткен осындай тамаша, үміт-көсілді жеңісіндей жеңіске бірде бір ел немесе елдер тобы ешқашанда жеткен емес.

Сталин жолдас 1941 жылғы 3 июльде Советтер Одағы халықтарының өздерінің бостандығы жолындағы күресі «Европа және Америка халықтарының өздерінің тәуелсіздігі, демократиялық бостандығы жолындағы күресімен ұштасып болады» деп алдағыны болжап дауыспандықпен айтқан болатын. Бүкіл дүние жүзін құлдануды өзіне мақсат етіп қойған күшті және ауыртпалық жауды қазір біріккен халықтар жеңіп шығып, сол жеңісті мерекелеп отыр.

Гитлершіл Германияны жеңіп шығу ісінде Советтер Одағының халықтары ерекше еңбек сіңірді. Олар күрестің негізгі ауыртпалығын көтерді. Бүкіл дүние жүзі Қызыл Армияның жойқын ұрыста фашист аюанның қабырғасын қаусатқан шешуші күш болғандығын және 1941 жылғы 22 июнь гитлершіл фашизм үшін қайғылы күн болғандығын мойындап отыр.

Гитлершіл Германияға қарсы күресте Советтер Одағының негізгі күш болып роль атқаруы прогресшіл бүкіл адам баласын сүйсіндірді. Ал, бұл кезде, совет елі халықтарының қол жеткен табыстарына гитлершіл фашизмнің ашық және астыртын достарының іші күйіп отыр. Біріккен Ұлттардың жеңіс күні гитлершілдерің осындай достары үшін қарады күн болып саналады. Аргентинаның прогресшіл «Ла критика» газетінің үйі үстінен совет жалауын алу жөнінде Аргентина өкімет орындарының бұйрық беруі тегін емес. Бұл жалау Біріккен Ұлттардың басқа жалауларымен бірге ілінен болатын. Осындай арам ниетті қастандық әрекетке қарсылық білдіру ретінде редакция өз үйінің үстінен басқа туларды да алып тастаған. Бұл оқиғаға арналған редакциялық мақалада газет былай деп жазды: «Европадағы ұрыс далаларында Германияның қара түнек тәртібіне қарсы совет жалауы қанға және даңққа боялды. Гитлердің көздеген мақсаты бостандықты немесе сөз бостандығын өткізіп отырған оқиғаның

тарихи мәні мен маңызы Қызыл Армияның көсемі және совет мемлекетінің басшысы И. В. Сталиннің халыққа арнаған үндеуінде айқын ыспатталды. Немістердің қару тастап, тізе бүгуін Сталин жолдас Германияның біржолата талқандалуы, герман империализміне қарсы күресте совет халқының ұлы жеңіске жеткендігі деп ыспаттады. Славян халықтарының өздерінің тіршілігі және тәуелсіздігі үшін ғасырлар бойына неміс басқыншыларға және немістердің озбырлығына қарсы жүргізген ұлы күресі жөнінен қарағанда бұл жеңістің қандай маңызы бар екендігін совет халқының көсемі атап көрсетті.

Бірнеше ғасырлар бойы жүргізілген бұл күресте славян халықтары орасан көп құрбандық жұмсап, көп ауыртпалыққа ұшырады. Неміс аюандар бірсыпыра славян халықтарын қырып-жойды, екінші бір халықтар Германияның «шығысқа қарай жылжуымен» өздерінің ата қоныс мекендерінен ығыстырылып шығарылды. Қазір тарихи сағат соқты: шығысқа өздерінің қанды тырнағын созып, славян халықтарын құлдануды көксеген неміс басқыншылар өмір бойы есінен кетпестей болып күйреді. Ұлы Советтер Одағының көмектесуі арқасында, славян халықтары өздерінің правосын, жері мен бостандығын неміс құлданушылардан қорғап қалды. «Бұдан былай»—деп мәлімдеді Сталин жолдас.—Европа үстінде халықтар бостандығының және халықтар арасындағы бейбітшіліктің ұлы туы желбірейтін болады».

Бұл сөздердің маңызын айтып жеткізу қиын.

Лондонның «Таймс» газеті, гитлершіл Германияның сазайын тартқалы отырғандығын атап көрсете келіп, былай деп жазды: «Ұлтшыл-социализм Еуропаның үстінен қара түнек болып басқан барлық қара күштің ішіндегі нағыз аюандық болды. Гитлердің көздеген мақсаты бостандықты немесе сөз бостандығын өткізіп отырған оқиғаның

майданшылардың үй-іштеріне келген мемлекет көмегі уақытында иелеріне тапсырылып отырылуы талап етілсе екен» деп жазады тілші Влеусізов жолдас.

Міне почта-қатнас жұмысындағы бұл сыяқты кемшіліктерге төзуге болмайды. Почта-қатнас жұмысының ерекше маңызы бар. Сондықтан да почта қызметкерлерін іріктен алып, олардың жұмысқа жауапкершіліктерін арттыру керек. Облыстық, аудандық байланыс бөлімдері жергілікті почта-қатнас орындарының жұмысына ерекше назар аударып, оларға нақтылы басшылық жасауға міндетті.

ғып, адам баласы үшін аса қасиетті парол—ар-намыс бостандығын жоюды көздеді. Енді,—деп жазады газет,—Гитлер дүние жүзінің халықтарын қудалауды қойды». Еуропаның бостандық сүйсіңген халықтарының инта-жігері мен мақсаты Германияның тізе бүгуіне байланысты, Маршал Титоның Югославия халықтарына арнап радио арқылы жариялаған үндеуінде айқын ыспатталды. Маршал Тито бұл үндеуінде мынаны мәлімдеді: «Бейбітшілік және бостандық күні туды. Біздің күйзелген елімізде бейбіт құрлықтың жаңа күндері туды. Алайда, Біріккен Ұлттардың барімізге ортақ жауға қарсы күресте ұлы жеңіске жеткен күні Югославияның барлық халықтарының ойы мен сезімі азат етуші армия даңқты және жеңімпаз Қызыл Армияға, оның дауыспандық басшысы Сталинге, бұл ауыр күресте көп құрбандық жұмсаған Советтер Одағының қаһарман халықтарына арналып отыр. Біздің ойымыз әділетті істің жеңіп шығуы үшін көп күш жұмсаған ұлы одақтастарымыз Англия мен Америкаға және олардың армияларына арналып отыр. Біздің ой-сезіміміз күрес жүргізіп, фашистік құлдыққа меңнат шеккен барлық халықтарға арналып отыр... Бұл ұлы істің ұлы күні барлық біріккен халықтардың өзара ұғынысу негізінде баянды бейбітшілік орнату үшін жігер жұмсауын тілейміз».

Бұл үндеуден дүние жүзі қайғы-қасірет шеккен Югославия халықтарының ғана емес, онымен қатар, демократияшыл барлық елдер халықтарының үні естиді.

Біріккен Ұлттар гитлершіл Германияны соғыста талқандау ісін ойдағыдай шешті. Олар өзара достық пен бейбітшілік орнату ісін сақтап, фашистердің шапқыншылығын түп тамырымен жойды, фашизмді саяси-мораль жағынан талқандау ісін ақырына дейін жүзеге асыра алады.

П. ЛИСОВСКИЙ.

дан соң ағылшын әскерлерінің қолына берген көрінеді.

Функтин, Ламмерстің және Онезоргенің тұтқынға алынуы

НЬЮ-ЙОРК, 12 май. (ТАСС). Америка әскерлерінің гитлершіл Германияның көрнекті қайраткерлері—империялық шаруашылық министрі Функтин, империялық почта министрі Онезоргені және империялық кеңсенің бастығы Ламмерсті қолға түсіргендігін Нью-Йорк радиосы хабар етті.

Де Бринонның тұтқынға алынуы

ПАРИЖ, 12 май. (ТАСС). Виши «үлкенің» германның Париждегі шапқыншы өкімет орындары жанындағы бұрынғы елшісі де Бринонның француздардың 1-армиясы тұрған өңірде тұтқынға алынып, дереу түрмеге жабылғандығын Франс Пресс агенттігі хабар етті.

ШЕТЕЛ ХАБАРЫ

Солтүстік Италияда Виши «үлкенің» фашистік полициясының басшысы Жозеф тұтқынға алынды.

Американың 7-армиясының бөлімдері германның Норвегиядағы қарулы күштерінің бұрынғы қолбасшысы герман генерал-полковнигі Фалькенхорсты қолға түсірді.

Албанияда жеңіс күні салтанатты және қуанышты түрде мерекеленді. Тиранда болған жыйынға 10 мыңнан аса адам қатысты.

Американың Австриядағы әскерлері Риббентроптың ақылшысы-фон Шмиденді қолға түсірді.

Прагтың мұнайшылар бірлестігі екінші Киркук-Хайфа мұнай проводын салу туралы қарар қабылдады. 620 мильдік бұл мұнай проводы арқылы жылына 4 миллион тонна мұнай ағызылады.

Киевтен Белградқа совет көркем өнерінің бір топ шеберлері келді. Олардың қатарында СССР халық артистері—Патор жинский, Литвиненко-Вольгемут, Шумский, Украин ССР-іне еңбегі сіңген артистер—Лаштев пен Васильева және басқалар бар.

(ТАСС).

Жауапты редактор
В. ОСПАНОВ.

УШ 00451.